



Ү.Д. Мұңалбаева

"Атамекен" Қазақстан картасы кең байтақ республикамыздың барлық аймағына саяхат жасап, еліміздің өткені мен бүгінінен мол мағлұмат алуға мүмкіндік береді

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айқындап берген "Қазақстан - 2030" стратегиялық бағдарламасына сәйкес жаңа демократиялық қоғам құру жолындағы еңбектерді паш ете отырып, өткен жылы Астанада "Атамекен" Қазақстан картасы" этно- мемориалдық паркі ашылған болатын. Есілдің сол жағалауында, Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған монументпен қапталдаса орналасқан жер картаны көрем деушілерге Қазақстанның барлық аймағына саяхат жасап, еліміздің өткені мен бүгінінен мол мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Еуразияның есігі саналатын кең байтақ республикамыздың зор байлығы, аспанмен астасқан алып Алатау мен қойнауы құтты Қаратау да, ілби аққан Іле мен ерке Есіл де, буырқанған Балқаш та осы парк аймағынан көрініс тапқан. Оның бүгінгі нұсқасы үлкен істің бастамасы ғана. Алдағы уақытта "Атамекен" әлі талай-талай жаңа экспонаттармен толықтырылатын болады. Осы және басқа да мәселелер төңірегінде жақында парк директоры Үмітхан Дәуренбекқызымен жолығып, сұхбаттасудың сәті түскен еді.

Төменде "Атамекен" Қазақстан картасы" этно-мемориалдық кешенінің директоры Ү. Мұңалбаевамен болған әңгімені оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

— **"Атамекеннің" ашылу салтанатына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қатысқаны белгілі. Дегенмен, көпшілік оның қалай дүниеге келгенінен бейхабар. Ендеше, алдымен этно- мемориалдық парктің тарихына тоқталсаңыз?**

- "Атамекен" Қазақстан картасы" этно-мемориалдық кешенінің дүниеге келгені кеше ғана. Әрине, оның шет елдегі осындай парктер секілді елу жылдай жасаған ғұмыры жоқ. Дегенмен, дүниеге келудегі артықшылығы мен өз ерекшелігі болып отыр. Оның сол бір даралығы, әлемдегі 12 этно-мемориалдық парктердің ішінде бұған тең келетіні жоқ. Демек, тәуелсіз еліміздің астанасында орналасқан "Атамекеннің" тек біздің ғана емес, ТМД бойынша, тіпті әлем алдында мақтанышпен айта алар орны бар.

"Атамекен" Қазақстан картасы" этно-мемориалдық кешені дегеніміз не? Оның атқаратын қызметі қандай? Әрине, мұндай сұрақтар бір естіген құлаққа түсініксіздеу көрінуі мүмкін. Себебі, аталған этно-мемориалдық кешенің елімізде, жалпы ТМД өлкесінде бұрын-соңды болмаған. Ендеше, тәуелсіз еліміздің жаңа астанасында, Есіл

өзенінің сол жағалауында бой жазған осынау Қазақстанның ғажайып табиғи картасы туралы айтар ой көп. Соның бірі —оның дүниеге қалай келгендігі.

Иә, Қазақстан картасының бет-бедері түсіріліп, еліміздің тарихи-мәдени жәдігерлерінің көшірмелері орын тепкен осынау алақандағыдай көрінетін “мемлекеттің” пайда болуына түрткі болған 1997 жылы Қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштің ашылуы кезінде туған Елбасының ойы еді. Президент ескерткіштің батыс жағында жатқан бос алаңды нұсқап, “Жалпы баршамызға, Елім, Жерім, Отаным дейтін өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін, өткенімізден сабақ, бүгінгімізден үлгі алатын Қазақстанның бар болмысы көрінетін картасы орналасуы керек” деген ой тастаған еді. Сол ой жалғасын тауып, 2001 жылдың 8 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев “Атамекен ” Қазақстан картасы” этно-мемориалдық кешенінің тұсауын кесті.

“Атамекен” Қазақстан картасы” этно-мемориалдық кешені - бұл еліміздің тарихы, өткені мен бүгінгісі, мәдениеті, бар табиғаты, көркі мен дәрежесі, өндірісі мен байлығы, бір сөзбен айтқанда, мемлекетіміздің бар болмыс-бітімі. Мұнда Астана мен Алматы қалаларының және 14 облыс орталықтары мен олардың тарихын, мәдениетін, экономикасын, өндірістік орындарын көрсететін 120-дан аса кішірейтілген нысандар орнатылған.

Олардың барлығы 1,7 гектар жерді алып жатыр. Тура табиғи күйінде орнатылған жәдігерлер арасында бір-бірінен бөле-жара қоярлық немесе атап айтарлық артық-кемі жоқ. Қайсысын алсақ та, бір-бірінен асып түседі. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі немесе Оғланды тауындағы Бекет Ата жер асты мешіті, Солтүстік Қазақстандағы Қарасай мен Ағынтай батырларға көтерілген күмбез немесе Шыңғыстау етегіндегі Абай мен Шәкәрімге арналған кесенелердің мазмұны да, сыртқы сипаты да бір-біріне сай демеске лаж бар ма?

— **20 мың шаршы метр жерді алып жатқан “Атамекен” картасындағы макеттердің жалпы саны былтыр 120 болатын. Бүгінде олардың қатары толығы үстінде шығар?**

“Атамекен” Қазақстан картасындағы” макеттер қатары уақыт өткен сайын толығына түсуде. Олардың саны жылма-жыл өсіп отырмақ. Оған мысал, Петропавл қаласындағы жаңа мешіт, қазақтың үш пайғамбары - Төле, Қазыбек, Әйтеке билеріміздің мүсіні жасалып орнатылса, оған ілесе қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры М. Мәметованың мүсіні, Қарағанды қаласындағы “Испат- Кармет” комбинаты (бұның өзі бірнеше бөліктен тұрады), Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің “жылжымалы” макеттері (олардың өзі бірнешеу), кең байтақ Қазақстан даласындағы электр желілері, жол бойындағы тартылған сым бағандары макеттері, ауыл шаруашылығына қатысты (егін, су, мал шаруашылығы) салаларының макеттері және тағы басқа көптеген нысандар орнатылу барысында. Кешен төңірегіне Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар Министрлігімен (министрі А. Шұқпытов) бірге құны 8 млн. тұратын 400-ден аса ағаш түрлері отырғызылды.

Сонымен қатар, Атырау облысындағы көпір, Қызылорда облысындағы “Байқоңыр - ғарыш айлағы”, Ішкі істер министрлігінің тиісті макеттері мен еліміздің күре тамыры - темір жол тораптары алдағы уақытта келісім-шарт күшіне енсе, “Атамекеннен” орын алмақ.

— **Этнопарккі күніне және аптасына қанша адам тамашалайды? Билет құны туралы да айта кетсеңіз. Арнайы топтағы адамдарға мәселен, зейнеткерлерге жеңілдіктер бар ма?**

“Атамекен” Қазақстан картасының” маңызы күн санап артып келеді. Мұны кешенге күн суытпай келетін көрермендердің санының өсуінен-ақ байқауға болады. Біздің кешенді күніне орташа есеппен алғанда, 70-тен аса, ал аптасына кемінде 300-ден астам адам келіп тамашалайды. Сатылатын билеттер құнына келсек, ол үлкендерге — 150 теңге, оқушылар және студенттерге-100 теңге.

Жиырма адамнан асқан топ болса, оларға 120 теңгеден билет сатылады.

Арнайы жеңілдіктер де жоқ емес. Мәселен, зейнеткерлерге — 80 теңге, ал Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне және 6 жасқа толмаған балаларға мұнда кіру — тегін.

— **Мұнда келушілердің дені қонақтар болар?**

— Қазақстан картасына еңбектеген сәбиден, еңкейген кәріге дейін келеді десек, артық айтқандық емес. Үкімет мүшелері, Парламент Сенаты мен Мәжіліс депутаттары, қалалық әкімшілік қызметкерлері және ресми делегациялар қонаққа жиі айналып тұрады. Мұнда келген үлкен дәрежелі, терең ойлы еліміздің азаматтары ой-пікірлерімен бөлісіп, кешеннің одан әрі дамуына ақыл-кеңестерін қосады. Ұлағатты адамдардың жылы лебіздері “Атамекеннің” қызметкерлеріне тың күш қосып, қашанда творчестволық ізденіспен қызмет етуге септігін тигізеді. Мысалы, бізге Парламент Сенатының төрағасы О. Әбдікәрімов, Парламент Мәжілісінің төрағасы Ж. Тұяқбаев, Сенатор Ә. Кекілбаев, Әділет министрі И. Рогов, Еуразия Ұлттық университетінің ректоры М. Жолдасбеков, Сенатор П. Атрушкевич, Астана қаласының әкімі Ә. Жақсыбеков, оның орынбасарлары және т.б. көптеген адамдар игі тілекпен келіп, паркті аралап тұрады.

Әрине, аталған кешенді тек астаналықтар ғана емес, барлық қазақстандықтар, ТМД елдері мен алыс-жақын шетелдіктер де тамашалай алады. Біздің есік елімізге, оның ішінде Астанамызға ресми сапармен немесе іскерлік байланыстармен келген қонақтарға әрқашан ашық. Елордамызға атбасын тіреген әрбір адам, арнайы туристік сапармен келген топтар “Атамекеннің” қонағы болмай кетпейді деп ойлаймыз. Оларға мұндағылар “аяғынан тік тұрып” қызмет етеді.

— **Әр макеттің тарихына терең тоқталып, келушілерге таныстыру жағы қалайша жүзеге асырылуда?**

“Атамекен” Қазақстан картасы” этно-мемориалдық кешенін тамашалауға келгендерге жалпы Қазақстан мемлекеті туралы оның тарихына терең тоқталып, таныстырып, түсіндіретін экскурсоводтарымыз бар. Олар кешен жанындағы Ғылыми творчестволық ізденіс орталығының жинаған тың мәліметтерімен білімдерін толықтырып отырады. Ғылыми творчестволық ізденіс орталығында жоғары білімді, өз ісін жетік меңгерген мамандар жұмыс істейді. Олардың ішінде тарихшы, журналист кәсіптерін түрлі салада шыңдаған небір майталмандар жетерлік. Солардың екі үшеуінің есімдерін ерекше ататыным келеді. Мәселен, А. Үстембеков. Тасболатов, Қ. Қашаевалар қай тетіктің тұтқасын ұстаса да дөңгелетіп әкете алады. Демек, өздеріңіз байқағандай, картаға қойылған әр макет туралы ғылыми творчестволық ізденіс орталығының мүшелері кешен нысандары жайында жан-жақты әңгімелейді. “Атамекен” атты түрлі-түсі көркем суретті журнал шығарды. Бұл болашақта одан әрі толықтырылып, жаңартылып қайта шығарылатын болады. Сонымен қатар, қаладағы мектеп оқушылары арасынан “Ел тарихы атты байқауда жеңімпаз атанған балалар өз білімдерін одан әрі пысықтау үшін осы Картада тәжірибе жинақтап жатыр. Олар да келушілерге әр обылыс бойынша, әр нысан туралы толыққанды мағлұматтарды айтып бере алады. Демек, “Атамекен” Қазақстан картасы этно-мемориалдық кешеніндегі халыққа қызмет көрсету барысы жолға дұрыс қойылған деп айтуға болады.

— **Макеттерді актүтек борандар мен мұз-қардан қалай қорғамақсыздар?**

— Сарыарқаның актүтек бораны мен сақырлаған сары аязынан, сай сүйегіңнен өткен суық желі мен құрсауланған мұз-қарынан мынадай көздің жауын алатын жәудіреген жәдігерлерді аман сақтау, әрине, оңай емес. Дегенмен, біздер өткен қысты өткеріп Картаны қаһарлы қыстан, жауын-шашыннан сақтау жолында біраз тәжірибе жинақтап алдық. Аса ірі нысандардың айналасын қымтап, қалың қорықтармен қыста жауып тастаймыз. Осы қалай болар екен дегендерін қоймаға әкеп сақтаймыз. Әйтседе, осыну ат шаптырым алаңдағы, қысы жазы ашық аспан астындағы «шағын мемлекетті» мұртын шалдырмай ұстау айтуға ғана жеңіл. Ал негізінде бұл өте көп тынымсыз еңбекті талап етеді. Осы кешен жанынан арнайы архитектуралық-дизайн тобы құрылған еді. Олар этно – меморалдық нысандардың, тау-тастың, өзен-көлдердің, орман-

тоғайлардың, үй- жайлардың, жолдардың кеткен кем-кетігін қалпына келтіру немесе қайтадан жасау жұмыстарымен айналысады. Жоғарыда айтылған билет сатудан түскен пайда кешенді одан әрі дамытудаға осындай игі істерге жұмсалады.

Осы орайда, кеудесінде елім, жерімдеп күш ойнаған ұлтжанды азаматтар мен кәсіпкерлердің ортақ мүддеміз “Атамекеннің” гүлденіп, басқа жұрт алдында мақтанышқа айналуына неге ат салыспасқа деп ойлаймын. Егер кешеннің үсті талапқа сай жабылып жатса, ол барлық қазақстандықтардың мақтанышына айналмай ма? Ендеше, баршамыздың мәдени демалып, рухани өсіп, тарихи дәйектеніп, марқайып, шыңдалып шығатын, дүниеде теңдес жоқ осындай табиғи картаға іс басында отырған іскер азаматтарымыздың неге көмек қолын созбасқа? Осы жағын ұмытпаса екен деймін.

—Елорданың республикаға тарайтын «Астана ақшамы» газетінің оқырмандарына бір ауыз игі тілегіңізді білдірсеңіз.

«Атамекенге» арнайы жаздыртып алатын бүкіл қазақстандықтардың іздеп жүріп оқыйтын, сүйікті газетіміз «Астана ақшамының» оқырмандарына айтарымыз: келіңіздер, көріңіздер, тамашалаңыздар, онан соң барымызды бағалаңыздар дер едік. Елім, Жерім, Отаным дейтін азаматтарасты-үсті қазынаға толы, кең байтақ елімізді көріп мақтаныш етсін, өткенімізбен бүгінгіні саралап болашаққа бағдар алсын. Сөйтіп, әр жүректе ешқашан сөнбейтін қазақстандық патриоттық сезім оты лауласын! Ал, мен өз ойымды «Атамекеннің» былтырғы ашылу салтанатында Елбасының «Еліміз қалай өмір сүрсе «Атамекен» Қазақстан картасы» да солай өмір сүруге тиіс деген сөзімен аяқтағым келеді.

әңгімелескен Гүлбаршын Өкешқызы

Лебіздер

Құндылықтардың біріне балаймын

Елбасының бастамасымен жүзеге асырылған кешеннің кереметтігінде сөз жоқ. Қазақстанның барлық аумақтарымен бірге мұнда республикадағы 100-ден астам нысандар түпнұсқасынан айнымайтындай етіп макет түрінде көрсетілген. Олардың арасында әсем қалалар мен ондағы басқару мекемелері, мәдениет ошақтары, ірі өндіріс орындары, тарихи ескерткіштер бар. Таулар мен орман-тоғайлар, сарқырап аққан өзен-көлдер, маң-маң басқан түйелер мен кең далада жортқан киіктер, жайлауда жайылып жүрген қой сиырлар және құлын-тайлар сол күйінде көз алдыңызға елестейді. Мұның өзі біздің жер жүзіне ұялмай көрсететін басты құндылықтарымыздың бірі екені даусыз. Сондықтан, алдағы уақытта бұл кешен бұдан әрі дамып, жақсара түссе дегім келеді.

Зәуре Сағымбаева.
Тараз қаласы.

Теңдессіз жәдігерлер

Еліміздің бұған дейінгі астанасында болмаған кереметтің бас қаладан ойып тұрып орын алуы, әрине, құптарлық іс. Тіпті, ғажап, керемет! Республикамыздағы ең биік тау - биіктігі 6999 метрлік Хан-Тәңірі, ең ірі көл - көлемі 37 шаршы метрді құрайтын Каспий теңізі Және ең үлкен өзен -ұзындығы 4248 шақырым Ертіс болса, солардың бәрі осы картадан орын алған. Тек, оңтүстіктегідей емес, бұл өңірдің ауа райы құбылмалы, қысы суық. Менің айтпағым, солқолайсыздықтар осынау тамаша макеттерге кесірін тигізбес үшін бұл аумақты биік етіп қоршау керек. Сонда ол жылдың барлық мезгілінде үзіліссіз жұмыс істей берер еді. Ал, бұл елордамыздағы теңдессіз жәдігерлердің төрткүл әлемге танылуына жол ашары ақиқат.

Мұқаш Қарасаев.
Алматы қаласы.